**Үй тапсырмасы: Б.Майлин «Күлпаш»**

**І топ: Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы.**

**ІІ топ: «Күлпаш» әңгімесінің І бөлімін мазмұндау.**

**ІІІ топ:«Күлпаш» әңгімесінің ІІ бөлімін сурет бойынша әңгімелеу.**



# І .Ой қозғау

**Жырлағаным- кедейдің жыры,**
**Сырлағым- кедейдің сыры.**
**Сырым да бір, жырым да бір-**
**Мен дағы сол кедейдің бірі.**

- **Өлең шумағында қай сөз қайталанып тұр?**

# Сабақтың тақырыбы:

**С.Торайғыров «Кедей»**

# Мақсаты:

**«Кедей» өлеңінің ой-түйінін ашу.**

# Топтастыру





# Сұлтанмахмұт Торайғыров

(1893-1920)

*Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!*
*Қараңғылықтың көгіне. Күн болмағанда, кім болам?*



## Сұлтанмахмұт Торайғыров
(1893-1920 жж.)

ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Екі жасында шешеден жетім қалған Сұлтанмахмұттың балалық шағы Баянауылда өтеді. Әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) ұлын өзі арабша хат танытып, сауатын ашқан. Ауыл молдасы Мұқаннан дәріс үйреніп, сол кісінің өнегесімен 13 жасынан өлең, әңгімелерін жаза бастады. Оның тұңғыш өлеңі «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деп аталады. Өкінішке орай, оның кейбір

# ІІ. Мағынаны табу

## Кедей

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт  мынау жерге төнген.
Қараңғы, ит  пен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.

Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа.
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан, міне шықтым, талай жасқа.

## Мәтінмен жұмыс

**І топ: 1 –шумаққа тақырып қою, тірек сөздерді табу, түсіндіру.**

**ІІ топ: 2-шумаққа тақырып қою, тірек сөздерді табу, қарма- қарсы мағынасын анықтау.**

**ІІІ топ: Өлеңді қара сөзбен жазу.**

# Топпен жұмыс

**I топ: Суретке байланысты мақалдар айту.**

**II топ: Бес жолды өлең «Кедей»**

**III топ: Венн диаграммасы «Күлпаш» және «Кедей»**



## Ой толғаныс

**І топ: Қазір кедей адам жоқ.**

**ІІ топ: Қазіргі кезде де кедей адамдар бар.**

**ІІІ топ: Аштық, кедейлік болмас үшін не істеу қажет?**



# Үйге тапсырма:

«Кедей» өлеңін жаттау.